

«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің

«Петропавл қаласының білім
бөлімі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

«Ғабит Мүсірепов атындағы
№ 43 орта мектеп»

коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

БҰЙРЫҚ



Коммунальное государственное
учреждение

«Средняя школа № 43
имени Габита Мусрепова»

коммунального государственного
учреждения «Отдел образования
города Петропавловска»

коммунального государственного
учреждения «Управление
образования акимата Северо-
Казахстанской области»

ПРИКАЗ

2024 ж. 02.09

Петропавл қ.

№ 251

г.Петропавловск

Терроризмге қарсы қауіпсіздік шараларды күшейту туралы

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп директорының оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Надежда Владимировна ЗОЛОТИЛИНА, Наталья Викторовна УВАРОВА, Евгения Геннадьевна ШАРАПОВА, Алия Муратовна АБИЛЬМАЖИНОВА, Надежда Аркадьевна ГОВОРУХИНА:

1. Педагогикалық ұжымға және мектеп қызметкерлеріне терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету және ТЖ алдын алу бойынша әзірленген іс қимыл жоспарына сәйкес жұмысты жалғастырсын.
2. Мектеп қызметкерлерінің еңбекті қорғауды, терроризмге қарсы қорғауды және білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауын бақылауды жүзеге асырсын.
3. Сабақ басталар алдында және оларды бітіргеннен кейін білім алушылар мен қызметкерлерді өткізу тәртібін бақыласын, 07.30-08.00; 14.00-14.30; 19.10-19.40 уақыт кезеңінде 1-қабаттың фойесінде болу, сондай-ақ әр үзілісте.
Бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарды (мәжіліс, спорт залдары)күтіп-ұстау қауіпсіздігін тексеруге ерекше назар аударсын.
4. Кезекші мұғалім «Боец» күзету агенттігімен бірлесіп, бөгде адамдарды мектеп орын-жайына кіргізбесін.

2. Директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары Наталья Анатольевна КОКОУЛИНА:

1. Гимараттың, жабдықтың техникалық жай-күйіне, желдету, коммуникациялық және ақпараттық жүйелер жұмысының тиімділігіне тексеру жүргізсін, анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды әзірлесін.
2. Гимараттың және оған іргелес аумақтың қауіпсіздігіне күн сайын кешенді бақылауды жүзеге асырсын.
3. Өртке қарсы профилактика мақсатында қосалқы орын-жайлардың, эвакуациялау жолдарының, алғашқы өрт сөндіру құралдарының, тіршілікті қамтамасыз етудің инженерлік және технологиялық жүйелерінің жай-күйін тексеру бойынша рейдтер жүргізсін.
4. Өрт қауіпсіздігі белгілерінің болуын және эвакуациялық жолдарға бағытталуын қадағаласын.
5. Қажет болған жағдайда төтенше жағдайлар бойынша нұсқаулықтар, жадынамалар әзірлеп, қызметкерлер мен жауапты тұлғаларды қол қою арқылы уақтылы таныстырсын.
6. Мектеп аумағына қызмет көрсететін көліктің кіруін бақылауды ұйымдастырсын.
7. Кітапхананы, асхананы, мәжіліс залын өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етуді бақылауда ұстасын.

3. Пән-мұғалімдері:

1. Сабақтар басталғанға дейін 20 минут бұрын келсін.
2. Сабақ басталар алдында және одан кейін оқу кабинетін бөгде заттар мен иесіз сөмкелердің болуына тексеру жүргізсін.
3. Сабақ аяқталғаннан кейін кабинетте қайта тексеру жүргізсін, тәртіп орнату, кабинетті кілт пен кілтпен жабу, кілттерді беру және қабылдау журналында белгілей отырып, вахтаға тапсырсын.
4. Жалпы мектептік іс-шараларды өткізу кезінде және күн сайын үзілістерде мектеп бойынша кезекшілікті ұйымдастыруға қатыссын.

4. 1-11-сыныптардың сынып жетекшілері:

1. Мектепте өткізу режимін ұйымдастыру туралы мәліметтерді ата-аналарға жеткізсін.
2. Мереке және каникул күндерінің алдында оқушылармен жол - көлік жарақаттануының, өрт қауіпсіздігінің, электр қауіпсіздігінің алдын алу бойынша нұсқаулықтар жүргізіп, қауіпсіздік техникасы жөніндегі журналға белгі қойсын.
3. Мереке алдында ата-аналардан демалыс уақытында баланы жұмыспен қамту туралы ақпарат жинасын.
4. Тиісті құрылымдар мен ведомстволардың өкілдерін шақыра отырып, нақты мысалдарға сүйене отырып, жол - көлік

жарақаттануының, терроризмнің, нашақорлықтың алдын алу бойынша ата-аналармен жұмысты күшейтсін.

5. Ата-аналар жиналысының хаттамаларында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты көрсетсін.
6. Ата-аналармен кездесу тағайындау кезінде оларды, вахтерді алдын ала хабардар ете отырып, көрсетілген сағаттарда фойеде қарсы алсын.
7. Ата-аналар жиналысы өткізілетін күні ата-аналарды 1-қабаттың фойесінде қарсы алсын, белгіленген кабинетке жіберсін.
8. Кезекші мұғалім сабақтар басталардан 30 минут бұрын мектепке келіп, фойелердің, рекреациялардың, дәретханалардың, сырт киімді шешіп, сақтауға арналған орындардың, баспалдақ өткелдерінің жай-күйін тексерсін.

5. Кабинеттерді басқаруға жауапты мұғалімдер:

1. Жарақаттануды болдырмайтын оқу кабинеттерінде қауіпсіз жұмысты ұйымдастырсын.
2. Пән-мұғалімдерімен тәртіпті сақтау және мектеп мүлкіне ұқыпты қарау бойынша тұрақты байланыста болсын.
3. Кабинеттің жай-күйін үнемі бақылап отырсын.
4. Мамандандырылған кабинеттердің меңгерушілерімен химия, физика, биология, информатика, технология кабинеттерін, спорт залын өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етуді бақылауда ұстасын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Директор



А.Т. Умарова